

## **«Импортты алмастыру және әртараптандыру шараларының нәтижелілігін талдау» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация**

**Зерттеу мақсаты:** алынған нәтижелер негізінде ішкі өндірісті әртараптандыру, импортқа тәуелділікті төмендету және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін кейіннен айқындау үшін Қазақстанда жүргізіліп жатқан сауда-өнеркәсіп саясатының нәтижелілігін талдау.

### **Зерттеу міндеттері:**

– экономиканы әртараптандыру жөніндегі мемлекеттік бастамалар мен негізгі мемлекеттік бағдарламаларға жан-жақты шолу жүргізу, оның ішінде нысаналы индикаторлардың дұрыстығын (таңдаудың дұрыстығы мен негізділігін) бағалау, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін сандық және сапалық бағалау;

– импортқа тәуелділік дәрежесін және оны төмендету әлеуетін бағалау;

– экономиканың түрлі секторларындағы ішкі өндірістің, оның ішінде жұмыспен қамту және инвестициялар құрылымын (негізгі құралдарды қорландыруды), өндіріс үшін шикізат базасы болуын, Қазақстан тауарларының шетелдік кәсіпорындардағы өндіріс тізбегіне қатысу дәрежесін, өндірілетін өнімнің күрделілігін (шегінің дәрежесін), ҒЗТКЖ мен инновацияларды, логистика мен өткізу нарықтарының қашықтығын қамтитын ағымдағы жай-күйін талдау,

– соңғы 60 жылдағы шетелдік импортты алмастыру және өндірісті әртараптандыру тәжірибесіне шолу жүргізу;

– шетелдік нарықтарда экономиканы әртараптандыру үшін басым өнімдерге әлеуетті сұранысты сандық және сапалық бағалау;

– халықаралық өндірістік тізбектерге ендіру мүмкіндіктерін анықтау, сондай-ақ жаңа тауар орындарын іздестіру;

– жоғары қосылған құны бар салаға бағдарланған экономиканы толыққанды әртараптандыру үшін нақты тұжырымдалған шараларды әзірлеу.

**Зерттеу объектісі:** Қазақстанның ішкі өндірісінің құрылымы және сауда-өнеркәсіп саясаты.

**Зерттеуді жүргізудің әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық негізі:** шетелдік зерттеулердің нәтижелері, гравитациялық, Роттердам моделінің әдіснамасы, сәйкестік-күрделілік әдісі (Fitness-Complexity Method), Distance әдісі, Херфиндаль-Хиршман индекстерінің, нарық шоғырлану коэффициентінің әдісі, «Шығын-Шығарылым» кестесі, UN Comtrade және ҚР СЖРА ҰСБ дерекқоры.

**Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар мен ұсыныстар.**

**1. Мемлекеттік бағдарламалар мақсатты көрсеткіштерінің қол жеткізілмеуі оларды тиімсіз іске асырудың салдары болып табылады.**

Талдау мемлекеттік бағдарламалардың нысаналы индикаторларының тұжырымдары объективті екенін көрсетті. Алайда, мұндай индикаторлардың нысаналы деңгейлері, оның ішінде оларды анықтау әдістемесінің түсініксіздігін қоса, объективті емес және тым өршіл болды.

Мемлекеттік бағдарламалардың нашар тиімділігі сандық қана емес, сонымен қатар сапалық мақсаттарға да қолжеткізбеумен де расталады: мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде бәсекелестік артықшылығы бар экспортқа бағдарланған жаңа тауарлар аз жасалды.

Қазақстанның сауда-өнеркәсіп саясатының төмен тиімділігінің себептерін анықтау мақсатында зерттеушілер шетелдік тәжірибені қарастырды. Салыстыру үшін Румыния, Түркия и Венгрия сияқты елдер таңдалды: 2019 жылы Қазақстанның экспорт қоржынының технологиялық күрделілігі осы елдердің 1995 жылғы қоржындарының күрделілігімен салыстыруға болады.

Таңдалған елдер мен Қазақстан бірдей әртараптандыру әдістері мен экспортты қолдау құралдарын қолданды. Алайда, қарастырылып отырған елдерден айырмашылығы, Қазақстан айтарлықтай прогреске қол жеткізген жоқ. Мәлімделген шараларды іске асырудың төмен тиімділігі мұның басты себебі болып табылады.

Бертельсман трансформациясы индексін, халықтың пікірін есепке алуды және мемлекеттік органдардың есептілігін, заңнама сапасын, заң үстемдігін, сыбайлас жемқорлықты тежеуді, сыбайлас жемқорлықты бағалауды қамтитын бірқатар индикаторлардың негізінде Қазақстанның негізгі проблемасы экспорттаушыларды қолдау жөніндегі шараларды іске асыратын институттардың тиісінше жұмыс істемеуі болып табылады деген қорытынды жасалды.

**2. Экономикадағы жиынтық факторлық өнімділіктің (ЖФӨ) төмендеуі өңдеу өнеркәсібінде ЖФӨ төмендеуіне байланысты.**

2009-2017 жылдардағы деректерді талдау нәтижелеріне сәйкес ЖФӨ 2015 жылы ең төменгі деңгейге жетіп, 2012-2017 жылдар аралығында қысқарды. ЖФӨ құлдырауы өңдеу өнеркәсібінде төмендеуіне байланысты.

Бағалау нәтижелері Қазақстандағы ЖФӨ-ға біліктілік деңгейі, жұмыскерлердің жас айырмашылықтары мен жалақысы, негізгі құралдар мен инновацияларға инвестициялар, шикізатқа жұмсалатын материалдық шығын саны, мемлекеттік субсидиялар, ҒЗТКЖ қолдану, фирмалардың көлік шығыны айтарлықтай оң әсер ететінін, ал материалдық емес активтердің болуы теріс әсер ететінін көрсетті.

**3. Ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібінде субсидияларды іс жүзінде бірдей фирмалар алады..**

Статистикалық талдау мынаны көрсетті: нарықтағы 5 компанияға өңдеу өнеркәсібіндегі барлық субсидиялардың 40%-нан астамы тиесілі, ал ауыл шаруашылығы секторында көрсеткіш жекелеген жылдарда 82%-ға (2019 жылы

– 31%) жетті. Субсидияларды осындай әртүрлі бөлу нарықта монополия дамуына ықпал етеді.

#### **4. Экономика секторларының импорттан тәуелділігі жоғары болып қалуда.**

Коронавирус дағдарысы алдындағы 2019 жылы өнімді өндіруге жұмсалған ресурстар (тауарлар мен қызмет) орта есеппен шығарылымнан 48% болды. Бұл ретте, импорттық ресурстардың үлесі шығарылымнан 8% мөлшерінде бағаланды. Өндірісте пайдаланылатын барлық тауарлардан импортталатын тауарлардың үлесі 27%-ды құрады.

#### **5. Қазақстанның жаһандық қосылған құн тізбегіне (ЖҚТ) қатысуы қысқаруда.**

2004-2008 жылдары Қазақстанның ЖҚТ-ға қатысуы барынша қарқынды және 45%-дан астам болды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша қаралып отырған көрсеткіш 42%-ды құрады. Пайдалы қазбаларды өндіру, энергия ресурстарын өндіру, тау-кен өнеркәсібі, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, негізгі металдар өндіру ЖҚТ-ға салыстырмалы түрде жоғары қатысуы бар дәстүрлі секторлар болды.

#### **6. Қазақстанда мерзімінен бұрын деиндустрияландыру құбылысы байқалуда.**

Қазақстанға қызмет көрсету үлесі ұлғаюы кезінде ЖІӨ-дегі өңдеуші өнеркәсіптің үлесі төмендегені байқалатын мерзімінен бұрын деиндустрияландыру тән, бұл жиынтығында экономикалық өсудің баяулауына алып келеді.

Бұл бірқатар басқа зерттеулерде де аталады. Мысалы, Rekha (2022), Felipe and Hidalgo (2015) жұмыстарында Қазақстан Аргентина, Ямайка, Нигерия және басқа да дамушы елдермен қатар «мерзімінен бұрын деиндустрияланған» елдерге жатқызылады.

Авторлардың пікіріне сәйкес мерзімінен бұрын деиндустрияландыру экономика үшін екі маңызды проблеманы туындатады. Біріншіден, қазіргі заманғы қызмет көрсету салаларының көпшілігі, әдетте, жоғары біліктілікті талап етеді, сондықтан өңдеу өнеркәсібіндегі сияқты көлемде жұмыс орындарын құруға мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, қызметтердің көпшілігі экспорттауға жатпайды, сондықтан олардың тез кеңею қабілеті ішкі кіріспен және экономиканың өнімділігімен, яғни ішкі нарық көлемімен шектеледі.

#### **7. Сауда-өнеркәсіп саясатында жоғары қосылған құны бар тауарлардың экспортына баса назар аудару қажет.**

Сыртқы нарықтардағы бәсекелестіктің, яғни экспорттың арқасында тауарлар мен қызметтердің сапасы жақсарады, ал жергілікті нарықтағы бәсекеге қабілеттілік, яғни импортты алмастыру экспортты ұлғайтудың жалпы ұзақ мерзімді мақсатының аралық міндеті болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, экспорт мүмкіндігі елдерге жергілікті нарық үшін шағын көлемді өндірісті әлемдік нарық үшін ауқымды өндіріспен алмастыруға мүмкіндік береді.

#### **8. Экономиканың импортқа тәуелділігін азайту мақсатында мемлекеттік қолдауды нақты тауарларға атаулы бағыттау қажет.**

Роттердам моделі табысы мен бағасы бойынша қазақстандық және импорттық тауарларға сұраныстың икемділігін есептеуге мүмкіндік берді. Бағалауға сәйкес, қаралған 32 индустрияда импорт бағасын 1%-ға ұлғайту қазақстандық өнімге сұраныс 0,09%-дан 4,99%-ға дейін артуына алып келеді.

Статистикалық бағалау негізінде, импортқа тәуелділікті азайту мақсатында мемлекеттік қолдауға неғұрлым қолайлы тауарлар айқындалды. Мұндай тауарларға электр қозғалтқыштары, генераторлар мен трансформаторлар; электр тарату және реттеу аппаратурасы; крандар мен вентильдер; арнайы мақсаттағы машиналар мен жабдықтар; тазартылған, бөлінген және аралас спирттік ішімдіктер; жеміс және көкөніс шырындары; арнайы киім; аяқ киім; какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер; тоқылған және трикотаж бұйымдары; өңделген және консервіленген ет; дәмдеуіштер мен дәм келтіруші өнім; парфюмерлік және косметикалық құралдар; жүзімнен жасалған шарап; батареялар мен аккумуляторлар; шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы қағаз бұйымдары жатады.

#### **Жетекші орындаушылар туралы ақпарат:**

Жоба жетекшісі – **А.Н. Айтуар**, PhD, «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университеті» АҚ, Associate Professor;

Жетекші орындаушы – **Б.Б. Омар**, «Стратегиялық бастамалар орталығы» ЖШС, жоба жетекшісі;

Жетекші орындаушы – **З.М. Адилханова**, «NAC Analytica» Корпоративтік Қоры, Назарбаев Университеті, Экономикалық модельдеуді дамыту орталығының аға зерттеушісі;

Жетекші орындаушы – **V. Semerak**, халықаралық экономикалық қатынастардың Ph.D. докторы, Карлова университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің экономикалық зерттеу институты, оқытушы және ғылыми қызметкер;

Жетекші орындаушы – **Д.С. Таймағамбет**, «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университеті» АҚ, Жоғары экономика мектебінің Teaching Professor, «Экономика» бағдарламасының үйлестірушісі;

Жетекші орындаушы – **С.С. Кемельбаева**, PhD, АО «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университеті» АҚ, Associate Professor, Жоғары экономика мектебінің деканы;

Жетекші орындаушы – **Е.Х. Қадыр**, «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЗУ университеті» АҚ, Жоғары экономика мектебінің аға оқытушысы.

#### **Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдары туралы ақпарат:**

Зерттеу нәтижелері бойынша екі мақала жарияланды:

1. ECONOMIC Series of the Bulletin of the L N Gumilyov ENU 2023 (3) журналында «Қазақстанда шикізаттық емес экспортты дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының түйінді міндеттері мен көрсеткіштеріне қол жеткізуді талдау».

<https://bulecon.enu.kz/index.php/main/article/view/614>

2. The Journal of Economic Research&Business Administration 2023 (4) журналында «Қазақстандық салалардың жаһандық қосылған құн тізбегіне тартылу дәрежесін бағалау».

<https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/2695>